

Қазақстандағы әйелдер ҚЫЛМЫСЫ



Қылмыс— қылмыстық кодекс бойынша жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыс - бұл құқық бұзылушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді.

Іс-әрекет нысандары

Адамның теріс қылығы ғана **қылмыс** деп танылады. Сырттай көрініс таппаған, қоғамға қауіп тудырмаған ой-пікір, ниет-пиғыл қылмыс деп танылмайды. Іс-әрекет **екі нысанда** көрініс табуы мүмкін.

-әрекет (субъектінің белсенді ісі) немесе -
-әрекетсіздік (адамның жасауға міндетті және жасай алатын әрекетті жасамаған енжарлығы).

Түріне қарай қылмыстар:

жеңіл қылмыстар

(2 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын қасақана және абайсызда жасалған іс-әрекет)

ауыр қылмыстар

(5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын қасақана және абайсызда жасалған іс-әрекет)

ауырлығы орташа

қылмыстар (2 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын қасақана және абайсызда жасалған іс-әрекет),

ерекше ауыр

қылмыстар (10 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе неғұрлым қатаң жаза қолданылатын қасақана іс-әрекет)

- Заманымыз өзгеріп, қоғамымызда күрделі мәселелер қордаланып, адамзаттың азғындауы асқына бастағанда әйел затының да әлсіз тұстары әлекке сала бастады. Қылмыс әлеміне қыздар қатысып, қазақы қасиетімізге дақ түсті. Дегенмен, дүниеде себепсіз салдар болмайды. Сондықтан соңғы кезде белең алып кеткен әйел қауымының қылмысты істерінің нақты көрністерін анықтаумен бірге, оның алдын алуды да ойластырған абзал шығар.
- Әйелдер қылмысының салдарымен күрескеннен гөрі, себептерімен күрескен үнемі ыңғайлы әрі пайдалырақ. Сондықтан әйелдер қылмыстылығының себептерін іздестіру, жалпы қазіргі таңдағы әйелдер қылмыстылығының жан –күйін, оның алдын алу шараларын терең зерттеу өте маңызды міндет. Әйелдер қылмыстылығының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесіне тигізетін теріс әсері мол. Егер ана қылмыс жасап, қоғамға қайшы түрде өмір сүретін болса, онда жанұядағы болатын жағымсыз жағдайдың өзі жасөспірімдерді жат қылықтарды жасай бастауына дағдыландыратыны анық.



Әйелдер қылмысы туралы пікірлер

- **Н.Ф.Кузнецова** қылмыстың және жеке қылмыстардың себептері түсінігін субъективтілікке, психологиялық сәтке, адам санасында шоғырланған кемістікке апарып соғады,- дейді. Мұндай көзқарасты монографиялық еңбектерінде, сондай-ақ, «Криминология» оқулығында да анық келтіріледі. Бұл көзқарастың мәнділігі сонда, оның жақтастары қылмыскерліктің және қылмыстың жалғыз себебі деп тек қылмыс шарты ретінде қатысатын объективті – субъективті әлеуметтік факторлар нәтижесінде пайда болған жеке тұлғалар және әлеуметтік қауымдастық психологиясының кемістігі деп мойындайды.

Антонян Ю.М. өзінің «Әйелдер арасындағы қылмыс» кітабында келесі құбылыстар мен процестерді бөліп көрсетеді.

- 1) Әйелдердің қоғамдық өндіріске белсенді араласуы;
- 2) Әлеуметтік институттардың әлсіреуі, соның ішінде отбасының;
- 3) Қоғамдық шиеленістің өсуі, ондағы қақтығыс пен қастандықтың пайда болуы.
- 4) Антиқоғамдық құбылыстардың өсуі, есірткі, маскүнемдік, жезөкшелік, қаңғырушылық, қайыр сұраушылық.

Әйелдердің қылмысқа бару себептеріне байланысты, қылмыстық әрекеттердің түрлерге бөлінуі:

- адам өлтіру және адам денесіне ауыр жарақат салу;
- ұрлық жасау;
- алаяқтық;
- қорқытып алушылық;

Мұндай жағдайларда қылмысты шартты түрде екі жағдайға бөлуге болады:

- адам өлтіру анық жағдайда жасалған;
- адам өлтіру анық емес (белгісіз) жағдайда жасалған.



П.Н. Тарновская өзінің зерттеулеріне сәйкес барлық кісі өлтіруші әйелдерді екі топқа бөлген:

- **бірінші топқа** кенеттен сезімінің оянуынан немесе қызба мінезінен кісі өлтіретін әйелдер жатқызылған, яғни, оларға жыныстық сана сезім мен ана махаббаты салдарынан, пайдакүнемдік пен қызғаншақтықтан, кек алушылық пен жек көрушіліктен қылмыс жасайтын әйелдерді жатқызамыз.
- **екінші топқа** айналасындағыны ұғыну қабілетінің жетілмегендігінен кісі өлтіретіндер, яғни, көңіл қанағатының жеткіліксіздігіне, жыныстық жағынан болатын ауытқуларға байланысты, сонымен қатар, жүйке жүйесі ауыратын әйелдер жатқызылған. Нәрестесін өлтіру қылмысы да көптен бері көпшіліктің назарын аударып жүрген мәселелердің бірі. Әдетте, өзінің жаңа туған нәрестесін өлтірген әйел ерекше психикалық жағдайда болады. Мұндай ауыр қылмысқа көбінесе отбасы мен тұрғылықты мекен-жайы жоқ, материалдық жағдайы өте төмен қыз-келіншектер барады.

Әйел адамдардың қылмыс жасау себебіне байланысты, адам өлтірудегі қолданатын әдіс – тәсілдері:

- өзінің ар –намысын сақтау үшін әр түрлі құралдарды, заттарды қолдану арқылы денеге жарақат салу;
- өзіне төнген қауіптен құтылу үшін адамды дәрменсіз күйде қалтыру;
- өмірлік жағдайға байланысты, өз баласынан бас тартып, баланы тұншықтырып немесе тастап кетуі;
- қандайда бір пайданы көздеуіне байланысты жәбірленушінің ағзасына улы заттарды жіберу.

Қазақстандағы әйелдер қылмысы статистикасы

Қылмыс – әйел табиғатына жат құбылыс. Дегенмен, жыл сайын, орта есеппен, қылмыс жасағандары үшін 36-37 мың адам сотталатын болса, олардың **4-5 мыңы әйелдер** екен. Олардың ішінде 500-ден астам әйел қылмысты мас болу жағдайында, 13-15 әйел есірткі заттарды пайдалану барысында жасаған. 2011 жылдың қорытындысы бойынша да қылмыс жасаған әйелдердің 49 пайызы орта білімді, 23 пайызы жоғары білімі барлар, 3282-сі жұмыс істемейтіндер, 152-сі оқушылар мен студенттер, 239-ы мемлекеттік қызметкерлер, 1102-сі басқа қызмет түрімен айналысатындар болған.

2012 жылдың қорытындысы бойынша қылмыс жасаған әйелдердің жалпы саны 3172 болса, олардың 1010-на бас бостандығынан айыру жазасы, ал, 992-сі не шартты жаза тағайындалған. Олардың 422-сі қылмысты шикіліктің кесірінен, 2-еуі нашақорлық масаю күйінде жасаған. Жұмыс істемейтіндері 2174, оқушы-студенттері 106, мемлекеттік қызметкерлері 188, лауазым иесі 97, басқа жұмыс түрімен айналысатындары 704. Олардың 764-і жоғары, 523 орта арнайы, 1568-і орта білімділер. Әйелдер қылмысының кең етек алған түрі ұрлық, сенімге қиянат жасау жолымен мүлікке залал келтіру, тұтынушыларды алдау, бөтен мүлікті иелену немесе ысырап ету сияқты қылмыстар болып отыр.

Мысалы, С. деген әйел өзінің ұлымен сыбайласып топ құрып, жәбірленуші К. деген азаматшаның үйінен ақшасын қарақшылық жасау арқылы алу мақсатында оны балғамен ұрып өлтірген.

Нәтижесінде, олар 70 000 теңге мөлшерінде ақшаны, жәбірленушінің бағасы 5 000 теңге тұратын «Нокия 1202» маркалы ұялы телефонын алып, оқиға болған жерден іздерін суытқан. Олардың әрқайсысы 17 жылға сотталды.



ҚОРЫТЫНДЫ

Әйел ең бірінші отбасының ұйытқысы, өмірге ұрпақ әкелетін, бала тәрбиелейтін ана екенін ұмытпауы тиіс. Қазақтың әйеліне тән ибалы мінезбен ерінің абыройын асырып, мейірімді, қайырымды, саналы ұрпақ тәрбиелеумен де өзгелерге үлгі-өнеге болуы тиіс. “Әйел бір қолымен бесікті тербетіп, екінші қолымен әлемді тербетеді”, деп тегін айтылмаған ғой. Сондықтан қазіргі күні әйелдердің қылмысқа бару жолын кесетін алдын алу шаралары көптеп қолға алынып жатыр. Солардың бірімен, яғни әйелдердің құқықтары мәселелерімен Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия 13 жылдан бері айналысып келеді. 1999 жылы Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі әрекеттердің алғашқы Ұлттық жоспары қабылданды. Осы жылдар ішінде БҰҰ Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияға қосылуы туралы және Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенциялары бекітілді. Қазақстан әйелдерінің форумы тұрақты түрде өткізіліп тұрады, онда мемлекеттік гендерлік саясатты жүзеге асырудың өзекті мәселелері талқыланады. 2009 жылы Қазақстан әйелдерінің кезекті V форумы өтті. Ал 2011 жылдың 5 наурызында еліміздің әйелдерінің тұңғыш съезі өтті. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда гендерлік саясаттың өзіндік моделі қалыптасты.

